

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

Тарақты фен
DEXP HB-1202R

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Тарақты фен үй жағдайларында шаштарды кептіруге және әрлеуге арналған.

Сақтық шаралары

- Алғаш іске қоспас бұрын, құрылғының электр параметрлері электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Пайдаланбаан кезде немесе тазалағанда немесе ақаулық анықталған кезде құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Электр тогының соғуын болдырмас үшін Құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға салмаңыз.
- Құрылғыны ванналарға, душтар мен бассейндерге жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны суланған қолмен ұстауға тыйым салынады.
- Құрылғыны бөлмеден тыс жерлерде пайдалануға болмайды.
- Бұл құрылғымен бірге ұзартқыш сымды қолдануға болмайды.
- Қосулы құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқанда, оны сымынан емес, ашасынан тартыңыз.
- Құрылғыға зақым келтірмеу үшін құрылғыны және сымды ыстық беттерге жақын қоймаңыз.
- Қуат сымының созылмағанына, өткір жиектері бар заттарға тигізбейтініне, ешқандай заттармен қысылмағанына және шатаспағанына көз жеткізіңіз.
- Сымды майыстырмаңыз және оны құрылғының сыртынан орап тастамаңыз.
- Фен жұмыс істеп тұрған кезде аэрозольдарды шашыратуға болмайды.
- Жеткізу жиынтығына кіретін саптамалардан басқа қандай да бір саптамаларды пайдаланбаңыз.
- Ешқашан құрылғыны сымынан ілуге болмайды.
- Құрылғыны ақаулығы табылғанда немесе сымы бүлінгенде пайдалануға болмайды.
- Құрылғының бөліктерін жөндеуге, баптауға немесе ауыстыруға болмайды. Жөндеу үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Шашты ауа қабылдағышына жақындатпаңыз.

- Ауа қабылдағыш сүзгісінде шаң мен мамықтың жиналуына жол бермеңіз.
- Құрылғы автоматты түрде өшірілетін ауа кірісі бітелген жағдайда қызып кетуден жақсылап қорғалған. Құрылғыны желіден ажыратыңыз, оны бірнеше минут суытып, қоқыстан тазартыңыз, содан кейін құрылғыны қосыңыз.
- Қызып кетпеуі үшін, феннің тесіктерін жабуға болмайды.
- Құрылғыға ұзақ уақыт жоғары температура немесе тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз. Құрылғының қызып кетуіне жол бермеңіз.
- Құрылғы көп жұмыс істеп тұрған кезде оның саптамалары қатты қызады. Ыстық беттерді ұстамаңыз.

Құрылғының сыртқы түр-сипаты



1. Щетка саптама диаметрі 38 мм.
2. Щетка саптама диаметрі 50 мм.
3. Щетканың айналу бағытының батырмасы.
4. Ауа ағынының жылдамдығы мен температурасын ауыстырып қосқыш.
5. Ауа тартқыш.
6. Айналып тұратын қуаттау сымы.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: НВ-1202R.
- Қуат көзі: 220-240 В / 50 Гц.
- Қуаты: 1200 Вт.
- Қызып кетуден қорғаныс.
- Ауа ағынының 2 жылдамдығы.
- 3 температуралық режим.
- Саптамалары екі бағытта айналады.
- Айналма қуаттау сымы.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Пайдалану нұсқаулығы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: жұмыс кезінде щетка қатты қызады, щетканы ұшынан ұстаңыз.

1. Құрылғыны пайдаланар алдында шаштарыңызды тараңыз.
2. Париктер мен жасанды шаштарды сәндеуге осы тарақты фенді қолдануға болмайды.
3. Шашыңызды сәл дымқыл болатындай етіп тегістеп кептіріңіз. Бұл құрылғыны дымқал шаштарға қолданбаңыз.
4. Құрылғыға щетка саптама сырт еткенше басып орнықтырыңыз. Саптаманы алып тастау үшін оны тартыңыз.
5. Құрылғыны желіге қосыңыз да керекті режимді таңдаңыз:
 - 0 — Өшір.
 - 1 — Орташа жылдамдық және жылы ауа.
 - 2 — Тез жылдамдық және ыстық ауа.
 - C — Орташа жылдамдық және салқын ауа.
6. Щетканың айналу бағыты түймесін басып, шашыңызды ораңыз. Шаш жақсы қыздырыдып, пішінге келуі үшін феннің күйін өзгертпей бірнеше секунд ұстаңыз.
 - Егер де ауа тым ыстық болса, аздау температурасын таңдап алыңыз.
 - Шашты босату үшін айналдыру бағытының батырмасын босатыңыз.
7. Тек салқындаған шаштарды тарауға болады.

Қызмет көрсету және күтім жасау

1. Тазалар алдында құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
2. Ауа кіретін торды таза ұстаңыз, шаңды және оралған шашты алыңыз.
3. Щеткадан шаштарды алып тастаңыз.
4. Құрылғының корпусын тазарту үшін жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
5. Аспапты суға батыруға болмайды.
6. Қырнауыш жуғыш заттар мен қырнайтын заттарды қолданбаңыз.

Жиынтықтамасы

- Фен.
- Екі щетка саптама: 38 мм және 50 мм.
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында +5°C бастап +40°C дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юйяо Элайт Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.

№ 11, Чанцин тас жолы, Фэннань ауылы, Янмин көш., Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



V.1

www.dexp.club